

Елбасы саясаты қолдауға лайық

Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігін алғанына 25 жыл болып отыр. Елбасының жолдауын қолдай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы заңдарына енгізіліп отырған өзгерістер өте орынды екенін көріп отырмыз.

Елбасының бағдарламасы әлемде болып жатқан жағдайларға байланысты құрылымды өзгерістерге бағытталған. Қазіргі заман талабының өзгеруіне байланысты дұрыс нәрселер жасалуы қажет. Сондықтан билік тармақтарының өкілеттіктерінің ауысуы саяси тұрғыдан қолдауға лайық. Елімізге тиімді мемлекеттік басқару жүйесін енгізу қажет. Ең негізгісі осы процеске қоғам, халық, еліміздің әр түрлі қоғам өкілдерін жан-жақты тарту керек.

Жолдаудың екі негізгі реформасы дұрыс бағытталған. Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың әрі қарай жылжуына дұрыс жүйе мен нақты бағыт. «Ашық Үкімет» демократияландыру жағдайын жақсарту деген мәселесі өте дұрыс айтылған. Елдің мүддесі мен заманның талабы, ұрпақтың болашағын ойлау барша халықтың мүддесі.

Елде тәртіп болса халықтың тыныштығы мен бірлігі болатыны сөзсіз. Бірлік болған жерде жоғары биліктің өкілеттіліктердің әр саласы мен тармақтарын дұрыс бағыттап жүйеге бөлудің уақыты жеткені рас. Әлем өзгеріс үстінде, Қазақстанда өзгеріп жатыр елдің елдігін сақтау, мәңгілік ел болу үшін өте қажет деп түсінемін. Заманның талабы – болашаққа нық қадам және демократиялық шынайы жол деп білеміз.

Азанова С.О.,
Маңғыстау гуманитарлық колледжінің
тарих пәні оқытушысы.